



Автор: КЕЛДЕБЕКОВА БАГИЛА МАМИРОВНА

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 3- сынып

Бөлім: Әлемнің барлығы Ғаламторда (ортақ тақырып: «Танымал тұлғалар»)

Тақырып: Ғаламтордағы қауіпсіздік

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану. желіде ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру 3.3.3.1 Интернет желісіндегі қажетсіз байланыстың қауіпін түсіну.	3.3.2.1
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар... • белгілі бір сұрақтарға жауап табу үшін интернет іздеу жүйелерін пайдаланады; • сөйлемдерді теру және өңдеу үшін мәтіндік редакторды пайдаланады; • Интернет желісінен тәуекелдерге мысал келтіреді.	
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминалогия: - Ғаламтор, вирус, браузер, веб-парақша, сілтеме, жеке мәлімет. Диалог/жазуға арналған пайдалы сөз тіркестер: - Интернеттің пайдалы және зиянды жақтары бар, себебі...	
Күтілетін нәтиже:	Ғаламторды қолданады. Ғаламтордың пайдалы және пайдасыз жақтарын біледі.	
Бағалау критерийлері:	• ақпаратты іздестіруді іздеу жүйесін пайдалану арқылы түсіндіру; • мәтіндік редакторде сөйлем жиынтығын орындау; • Интернеттегі тәуекелдердің негізгі түсінігін көрсету, түсіндіру.	
Құндылықтарды дарыту:	Топта жұмыс істей білу, сыныптастардың жауаптарын тыңдау, объективті бағалау, этика нормаларын сақтау қабілеті арқылы бір-біріне құрметпен қарау.	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта қолдану Ғаламтор қолдану.	
Пәнаралық байланыс:	Атақты тұлғалар. Орыс тілі – мультфильм қараған кезде	
Бастапқы білім:	Аралас құжатпен жұмыс	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3 минут 7 минут)	Ұйымдастыру кезені. Сыныптағы оқушылардың қатысуын тексеру. Бір-біріне жылылық сыйлау арқылы амандасып психологиялық ахуал тудыру. Оқушылар 10 секунд арасында қол арқылы амандасып шығу қажет. «Жазу, жүгіру» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. ҚБ: «Бесбармақ» әдісі арқылы бағалау. Дискриптор: -аралас құжатты жасауды біледі. -аралас құжатты сақтап және аша алады.	Оқулық 3 сынып Арман-ПВ 2018 ж. Бейнебаян 10 секунд type unknown

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10 минут 10 минут)	Жаңа тақырып. Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтау. <i>Миға шабуыл: (Суреттер берілген)</i> - Слайдта қандай негізгі сөз жасырылған? Оқушылар негізгі сөзді анықтайды. Жауабы: Желідегі қауіпсіздік. Интернет арқылы жұмыс жасаған кезде қауіпсіздікті сақтау. Талқыланатын сұрақтар ұсыныңыз: - Ғаламтор деген не? Ол қашан пайда болды? - Ғаламторды қосу үшін қандай құрылғы қажет? - Ғаламтордың негізгі қосымшасы? - Браузерлер дегеніміз не? - Ғаламтордың пайдалы және пайдасыз жақтарын кім біледі? - Ғаламторда қанша уақыт отыруға болады? - Ғаламторда отырғанда қандай ережелерді білу қажет? - Вирус дегеніміз не? «Дұрыс – бұрыс» ойынын өткізу. Ауызша жауап. Интернет туралы деректер экран бетінде көрсетіледі. а) Интернеттің көмегімен белгілі тұлғалар және тағы басқада ақпаратты таба аласыз. б) Интернет балаларға қауіп төндірмейді. с) Файлды жүктеген кезде, вирусимды компьютерге жүктей аламын. <i>Жауаптары:</i> а) (дұрыс); в) (бұрыс); д) (дұрыс); <i>Сергіту сәті.</i> Орнымыздан тұрамыз, Қос бүйірді сығамыз. Оңға, солға бұрылып, Бір айналып шығамыз. Бір,екі, үш, төрт, бес Қолды қолға ұрамыз. Тапсырма жауаптарын дәптерге жазу. 1.Тапсырма а)Интернетте балалар қанша уақыт отыра алады? б)Интернет арқылы жұмыс жасағанда орындалатын екі ережені жазыңыз. 2.Тапсырма. -Интернет желісінде жұмыс жасаған кезде қандай ақпаратты жарияламау керек? -Әлеуметтік желіде бір бейтаныс адам сізді аулаға кездесуге шақырды. Осындай жағдайда не істеу керек? -Интернетте балалар қанша уақыт отыра алады? Қалыптастырушы бағалау. Компьютерлік программалардың түрін анықтаңыз. 1 2 3 Мұғалімнің бағалауы. Смайликтермен.	Оқулық 3 сынып Арман-ПВ 2018 ж. Интерактивті тақта Компьютер Презентация 5e4aba67abe05.png Image not found or type unknown
Сабақтың соңы (5 минут)	Үйге тапсырма. Оқу және үйде орындайық тапсырмасын дәптерге орындау.	Оқулық 3 сынып Арман-ПВ 2018 ж.
Рефлексия (5 минут)	Рефлексия. Маған бәрі түсінікті Келесі сабақта күш салуым керек 5e4abc71cca19.png 5e4abc81a9d65.png Image not found or type unknown Image not found or type unknown	ауызша айту